

**Қыпшақ хандығы
(XI-XIII ғасырдың басы)**

Қыпшақ хандығы (XI-XIII ғғ басында)


Жоспары

- 1. Қыпшақтардың қоныстанған жерлері және этникалық құрамы**
- 2. Қыпшақтардың қоғамдық құрылысы**
- 3. Қыпшақ хандығының саяси жағдайы**
- 4. Қыпшақтардың шаруашылығы**

1. Қыпшақтардың қоныстанған жерлері және этникалық құрамы


- Қыпшақ хандығы XI ғ құрылды .
- Алтайдан Еділге дейінгі аралықты “Қыпшақтар даласы” (Дешті Қыпшақ) деп атаған.
- Жалпы қыпшақтардың этникалық құрамы екі бөліктен тұрады

Малшы қыпшақтардың этникалық құрамы
екі бөліктен тұрады



- Батыс бірлестігі
11 тайпадан тұрады:
елбөрілі, тоқсоба,
йетиоба, дурут

- Шығыс бірлестік
16 тайпадан тұрады:
8 негізгі , 8 ұсақ
тайпалық
бөлімшелер.
Ең беделдісі **бөрілер**
болған.
Қыпшақ хандары осы
тайпадан шығып
отырған.



Новгород республикасы

Литва

Польша

Русь

Бұлғария

**Шығыс Қыпшақ бірлестігі
16 тайпа**

Найман хандығы

**Батыс Қыпшақ бірлестігі
11 тайпа**

Венгрия

Қыпшақ даласы

Қыпшақ хандығы

Қыпшақ хандығының сол қанаты

Үзеу кыпшақтары

Батыс кыпшақтар одағы

Қыпшақ хандығының оң қанаты

Торғайлы қаласы

Қарлық хандығы

Бұлғар патшалығы

Тен кыпшақтары

Сытлық хандығы

Қаракытай мемлекеті

Қарлық кыпшақтары

Сактис

Сытлық

Жули

Отырар хандығы

Хорезмшахтар империясы

Гүрһістан

Византия империясы

Қыпшақ бірлестігіндегі түрік тілдес тайпалар:



- Қимақ
- Оғыз
- Құман
- Ежелгі башқұрт
- ХІІғ бастап Арал маңындағы
- Қаңлылар
- Қарлұқтар
- Жіліктер қосылған.

Еуропа саяхатшысы Плато Карпинидің “қаңлылар қыпшақша сөйлейді екен” дегені толық дәлелдейді.

Қыпшақ халқының қалыптасуы

Дешті Қыпшақта (Қыпшақтар даласында) қыпшақ халқының қалыптасуы заңды құбылыс еді. Бірақ монғол шапқыншылығы бұған үлкен нұқсан келтірді. Сөйтіп Қазақстанда біріңғай халық болып қалыптасу құбылысы XV ғ дейін кешеуілдеді.

2. Қыпшақтардың қоғамдық құрылысы

Қытай тарихшысы *Жүзжани* бөрілерді хан әулиетінің тайпасы деп атаған.

Хандық биліктің орталығын “орда” деп атаған.

Әскери басқару жүйесі бойынша оң және сол қанат болып бөлінді.

Әскери басқару жүйесі екіге бөлінген



- Оң қанаттың күші және беделі басым орталығы Жайық өзені бойындағы Сарайшық қаласы

- Сол қанаттың орталығы Сырдария өзені бойындағы Сығанақ қаласы

Екі қанатқа бөлу билікті мызғытпай ұстап отыру үшін жасалған еді.

Ақсүйек-шонжарларға

Хан → Ханның туыстары → тархандар →
→ басқақтар → бектер → байлар →
→ ру-тайпа көсемдері
Құлды “яланкуг” деп атаған

Қыпшақтардың бөгде аттары:

Орыс деректерінде: «Половцы» (далалықтар)

Венгр деректерінде: «Кундар» «командар»

3. Қыпшақ хандығының саяси жағдайы

Қыпшақтар Хорезм елімен қатынасты жақсартуға тырысады.

Хорезм билеушілері Текеш пен II Мұхаммед қыпшақ ханы Қадыр Букехан мен оның жиені Алып-Деректің арасындағы билік үшін таласты пайдаланып, Сығанақ қаласын басып алуды ойластырады. Текеш Отырарды билеп отырған Алып-Деректің әскерін өз жағына шығарып, қаланы жаулап алды.

Билік үшін бәсеке тек монғолдар екі елді де жаулап алғаннан кейін ғана біржола тынады.

4. Қыпшақтардың шаруашылығы

- **Мал шаруашылығы (төрт түлік)**
- **Тұрмыстық кәсіп (қолөнер . зергерлік)**
- **Аң аулау шаруашылығы**
- **Егін шаруашылығы**



Тақырыбы: ІХғ соңы-ХІ ғ басы
аралығындағы Оғыз мемлекеті



Оғыз мемлекеті (IX-X ғасыр—XI ғасырдың басы).
IX-X ғасырда Сырдың орта, төменгі ағысында,
сонымен қатар Батыс Қазақстанды да қосып алатын
территориясында оғыз тайпаларының саяси
бірлестігі құрылды.

- Жартылай көшпелі, жартылай отырықшы мал шаруашылығы, егін шаруашылығы, кәсіпшілік пен қолөнер



Оғыз мемлекеті
Еуразияның саяси және
әскери тарихында маңызды
орны болды. 965 жылы
олар Киев Русымен
одақтасып хазар қағанатын
талқандайды. 985 жылы
оғыз жабғысы орыс
кінәздарымен бірлесіп Еділ
Булғариясын талқандады.
Осының бәрі оғыз
мемлекетінің саяси күш-
қуаты өсуіне әсер етті.





10-11 ғасырлар Оғыз мемлекеті елеулі дағдарысқа ұшырайды. Оған алым-салыққа қарсылық білдірген оғыз тайпалары көтерілістері себеп болды. Салжықтармен, қыпшақтармен болған соғыстарға шыдамай, оғыз мемлекеті 11 ғасырдың ортасында біржола құлайды. Жартысы қыпшақтардың қысымынан Шығыс Еуропа мен Кіші Азияға, жартысы Мәуереннахрдағы қарахандарға, хорасан селжұқтарына, қалғаны Дешті-Қыпшақ тайпаларына араласып кетті.

Қимақ қағанаты

Slides.kz





**Қимақ қағанаты - Шығыс және
Орталығы Қазақстанда 9 ғасырдың
ақыры – 11 ғасырдың басында
болған ертедегі мемлекет.**

Мемлекеттің орталығы Ертістің орта алабында болған Қимақтар 7 ғасырда Алтайдың солтүстігіне, Ертіс жағалауына орналасып, Батыс Түркі қағанатының құрамына кірген. 8 ғасырда қимақ тайпалары Ертістің орта ағысын мекендеді. 9 ғасырдың алғашқы жартысынан Жетісудың солтүстік-батысындағы Алакөл аймағына қоныстана бастады. Олардың батыс шекарасы Оңтүстік Оралдың шығыс бөлігі мен Арал жағалауларына дейін жетті. 10 ғасырдың ортасында қимақтар шығыстан батысқа қарай ойысты. Олар Оңтүстік Орал тауының оңтүстік және оңтүстік-батыс бөктерінде, Каспий жағалауында көшіп-қонып жүрді. 10 ғасырдың ақырында қимақтардың бір тобы Сырдария жағалауына қарай жылжып, Түркістанның мұсылман облыстарымен араласты. 11 ғасырда Орталық Азия тайпаларының батысқа қарай ойысуы нәтижесінде қимақтардың орналасу картасы өзгерді. Махмұт Қашқаридың имақтар (қимақтар) туралы деректері (11 ғасыр) осы уақытқа саяды. «Диуани лұғат ат-түркте» берілген картада имақтар өздері бір тұтас топ болып тұрған Ертістің жағалауындағы жерлерде ғана көрсетілген.

Жалпы мәлімет

8 VIII ғасырдың екінші жартысы — IX ғасырда қаулаған оқиғалар Қимақтардың мемлекеттік ұйымдарының дамуына түрткі болды, бұл оқиғалар барысында қимақ тайпалары Ертістің орта ағысынан Жоңғар қақпасына дейінгі аумақта берік ірге теуіп, батысқа қарай, Оңтүстік Орал мен Сырдария аңғарына дейін ілгерілеп барды. Қимақтарда мемлекет болғаны туралы алғаш рет IX ғасырдың аяғы - X ғасырдың басындағы араб тілді тарихи-географиялық шығармаларда айтылады. Мәселен, IX ғасырдағы тарихшы әрі географ, өз хабарларында кең білімдарлығымен және біршама жоғары дәлдігімен ерекшеленетін әл-Якуби қимақтар мен басқа да түркі тілдес халықтардың мемлекеттілігі туралы былай дейді: «Түркістан мен түріктер бірнеше халықтар мен мемлекеттерге (мамалик), соның ішінде: қарлұқтар, тоғыз-ғұздар, қимақтар және оғыздар болып бөлінеді. Түріктердің әр тайпасында жеке мемлекеті бар және олар бір-бірімен соғысып жатады.» Ибн әл-Факихте (X ғ.) қимақтар туралы қызықты мәліметтер бар, ол барлық түріктердің ең күштілері — оғыздардың, тоғыз-ғұздардың және қимақтардың патшалары бар деп жазады. Ал классикалық араб географтары әл-Истахри мен Ибн Хаукаль «түріктердің жерінде (олардың) тайпалары өз мемлекеттеріне сәйкес ерекшеленеді» деп хабарлайды. Қимақ билеушісі едәуір күдіретті болған. IX ғасырдың аяғы — X ғасырдың басында Қимақ қағанаты қалыптасқан уақыттан бастап, олардың патшасы түріктердің ең жоғары атағымен қаған (хақан) деп атала бастады. «Қаған — түріктердің ең басты патшасы. Қаған — хандардың ханы, яғни парсылардың шаханшах дейтіні сияқты, басшылардың басшысы», — дейді X ғасырдағы орта азиялық ғалым әл-Хорезми. Қаған атағы ябғу атағынан екі саты жоғары тұрған.

Қимақ қағанатының құрылуы

Қимақтар тарихының алғашқы кезеңі қытай деректерінде ұшырасатын яньмо тайпасы атауымен тығыз байланысты. Яньмо (немесе қимақтар) VII ғ. басында Моңғолияның солтүстік-батысында өмір сүрген. VII ғ. ортасында олар Алтайдың солтүстік бөктеріне, Ертіс маңына қарай қоныс аударған. 656 ж. Батыс Түрік қағанаты құлағаннан кейін тайпа көзге түсе бастайды.

Қағанат сыртқы жаудан қорғану үшін және өз жерін кеңейту үшін көрші елдерге үнемі шапқыншылық жасап отырған. Ондай хабарлар жазба деректерде көптеп кездеседі. Мәселен, оларда қимақтардың 11 ғасырда "тоғыз-ғұздар" жерінің бір бөлігін қол астына қаратқаны айтылса, ал X ғасыр басында тоғыз-ғұздардың шекаралық қаласы - Шығыс Түркістандағы Жамлекес қаласын басып алғандығы баяндалады. Сонымен бірге, қимақтар Енисей бойындағы бойындағы қырғыздарға да шабуыл жасап тұрған. Ал Сыр бойындағы оғыздармен бірде тату тұрып, бірде өзара соғысып қалатын кездері де болады. Міне, осындай жағдайлардан бұл тайпалардың тілдік қатынас жағынан да, мәдениеті жағынан да ұқсас тұстары өте көп.

Саяси тарихы

Қимақтар, негізінен, мал шаруашылығымен айналысты. Олар мұнымен қатар егіншілікпен де шұғылданды, балық, аң аулады, тайғалық аймақтарда қымбат аң терілерін дайындады. Қимақтар арасында қолөнері де дамыды, мата тоқып, киім тікті, металл бұйымдар шығарды, темір, күміс, алтын өндіріп, металл құйды. 9 – 11 ғасырлардағы араб-парсы авторлары отырықшы қимақтардың тұрақты мекендері болғанын жазады. әл-Идрисидің (12 ғасыр) дерегіне қарағанда, олардың өзендер мен көлдер жағасына, таулы аудандарда, пайдалы қазба байлықтары орналасқан жерлерде 16 қаласы болғаны келтіріледі. Олардың көпшілігі сауда жолдарына орналасқан. әл-Идриси қимақтар хақанының Ертіс өзенінің жағасындағы астанасы мықты қорғанмен қоршалғанын жазады. 9 – 11 ғасырларда қимақтар арасында ежелгі түркі діни нанымының қалдықтары өріс алды, онда тәңірі мен аруаққа сенушілік басым болды. Сонымен қатар, олардың арасында түрік халықтарына кең тараған бақсылық та етек алды. Қимақ тайпалары мекендеген аймақтарда тас мүсіндер қою салты кең тараған, олар сол мүсіндерге табынған. Қимақтар әлеуметтік және мәдени жағынан 6 – 8 ғасырларда ежелгі түркі ортасында қалыптасқан дәстүрлерді ұстап, одан әрі дамытты. 11 ғасырдың басында қимақтардың орнына жаңадан нығайған қыпшақ тайпалары келді.

Қимақтардың шаруашылығы

